

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	3-4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Оңғарова Айжан				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	29, 31.08, 01,02.09.2022 ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі				01.09.2022	02.09.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар болғаны жөнінде".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсаты: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту.		"Топтың ішін ретке келтір". Мақсаты: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншық және құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кезде, табакшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктеріне ынталандыру.
	"Үйшікте кім тұрады?" ("Үйшік" ертегісі желісімен) үстел ойыны. Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін		Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту;	"Сиқырлы суреттер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту.	"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға,

	дамыту. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.		денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова.	Мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлшектерге бөлінген суретті құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. Сурет салудан ойын-жаттығу. "Түрлі-түсті доптар" Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті қарындашпен (фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды, салуға үйрету; дөңгелектерді түзу сызықтармен, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар	топтастыруға үйрету. Мазмұны: балалар "Сиқырлы қапшықтың" ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атап, түсін айтады. Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Менің отбасым" Мақсаты. Балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуға үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша мен отбасының
--	---	--	--	--	--

				туралы мағлұматтарын кеңейту. Саусақ жаттығуы. "Түймеше".	байланысы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту. "Отбасы мүшелерін ата" дидактикалық ойыны.
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ кубиктермен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, кубиктерін көрсетіп: "міне " дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол кубиктермен көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, кубиктерін көрсетіп: "міне " "міне " дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "міне" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол кубиктермен көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.				

	4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "міне" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	"Ас адамның арқауы" Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру; орындыққа өздері отырып-тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану керектігін еске түсіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Кемпірқосақ" ойыны. Мақсаты: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді.		"Тым-тырақай" ойыны. Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамуты. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер орнасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санандар! Бір, екі, үш! Ал,	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй және оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.

			тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар	Дене шынықтыру "Қуыршақ Дана сапта тұр" Мақсаты. Балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүруге, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру	Дене шынықтыру "Әдемі сап түзейміз!" Мақсаты. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе

				дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына үйрету. "Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.	жатып, жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. "Қай жануар қалай секіреді?" пысықтау ойыны.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Көлеңкені бақылау. Мақсаты: көлеңке құбылысына қызығушылықты		Аула құстарын бақылау. Көркем сөз Торғай, торғай	Күнді бақылауды жалғастыру. Мақсаты: серуендеуге, күнге	Аспанды бақылау. Мақсаты: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу;

ояту; көлеңкенің жарық, күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетіп, түсіндіреді. Абай Құнанбайұлы Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса; Күнді уақыт қызартып, Көк жиектен асырса... Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің айнадай тура сол қимылдарды	тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпиып Шиқ-шиқ етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. - Балалар, біз бақылаған құс қалай аталады? - Бұл құс немен қоректенеді? Қайда мекендейді? Бұл құстың адамға деген пайдасы бар ма? "Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап	деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар күн дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» дегенде ашқан	қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілдірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса,
---	--	---	--

	қайталайтынын, көлеңкенің тек қара, сұр түсті екенін байқату. Еңбек әрекеті: қурап түскен жапырақтарды жинау. Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. "Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жеделдеп жүгіруге жаттықтыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде		жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына шейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Түлкіні" санамақ арқылы тандап алуға болады. Ойын барысында балалардың алаңда секіру, жүгіруді мүмкіндіктері қадағаланады. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге	қолшатырдың айналасына жиналады. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсаты: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). "Дөңгелек лапта" қимылды ойыны.
--	--	--	---	---	---

	жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды. Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнеки жалбыр төбет жатыр сұлық. Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырты пішіні жуас салғырт. Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң – қарайық та. Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет		дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек әрекеті: қол өнері сабақтарына табиғи материалдарды жинау. Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Балалардың еркін ойындары.		Мақсаты: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: курап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға
--	---	--	--	--	---

	қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. "Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге баспай жүре білу қабілетін дамыту. Балалардың еркін ойындары.				үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулу. - Аспазымыз не дайындапты?				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. "Ұйықташы, қозым".				

	Д. Ахметова. Ұйықташы, қозым, Жұмылсын көзің. Ұйқың тәтті болсын, Денең қуатқа толсын.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Сөз ойла, тез ойла" ойыны. Мақсаты: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту. Құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған ұнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері		"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны. Мақсаты: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Ойыншықтармен танысу" Мақсаты. Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуге	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Ойыншықтарды жинайық" Мақсаты. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі

	Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет. "Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақнамасы.		байыту. "Мозаика", "Басқатырғыш" үстел ойындары. Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. "Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене	үйрету. "Сандықтарды жинайық" зерттеу жаттығуы. Сюжеттік ойыншықтармен ойнау. Ертегі оқу. Үстел-үсті театры. "Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары арқылы дидактикалық ойындар ойнату.	заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Текшелерді түстеріне қарай жина". Құрастырудан ойын-жаттығу. "Балабақша - біздің үйіміз" Мақсаты. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау;
--	--	--	--	--	--

	"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аядамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп,		мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер" сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.		текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру. "Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы.
--	---	--	--	--	--

	шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.				
Балалармен жеке жұмыс	Тіл ұстарту: "Кім не істейді?" Тасшы тас қалады, Басшы басқарады. Досшыл – дос табады, Қасшыл – қас табады. Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады. Бәсшіл – бәстеседі, Мәсшіл – мәс теседі.		Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу. Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	"Тап та, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді қабылдауларын және қол саусақ моторикаларын дамыту.	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза				

	ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (3-6 бөлік). Логикалық ойындар Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар. Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Балабақша ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.

Әдіскер: А.А.Сулейменова